

Жергілікті инвестициялық жоба және Астана қаласы жергілікті атқарушы органының 2003 жылға арналған қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 537 қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1219 қаулысымен бекітілген Инвестициялық жобаларды қарау ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жергілікті атқарушы органның қарызға алған қаражаты есебінен қаржыландырылатын Астана қаласының 2003 жылға арналған "Астана қаласының жаңа әкімшілік орталығы сулы-көгалды бульварының бірінші кезегін салу" жергілікті инвестициялық жобасына (бұдан әрі - Жергілікті инвестициялық жоба) келісім берілсін .

2. Астана қаласы әкімінің Жергілікті инвестициялық жобаны іске асыруға " Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына сәйкес белгіленген жергілікті атқарушы орган борышының лимиті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен 1300000000 (бір миллиард үш жүз миллион) теңге көлемінде қарыз алуы туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі